



КОНКУРС «Астана и Президент»

Атырау облысы

Әбуғалиева Назерке,
Абай атындағы 12 жылдық орта мектебінің 9 сынып
оқушысы

Тәуелсіз ел Тұңғыш Президентімен

1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан өзін – Тәуелсіз ел деп жариялады. Осы күнге дейін Ресей отары болып келген қазақ халқы, енді-енді ес жиып, көзін ашып, басын көтеріп, «Біз қазақпыз!» деп жар салатын күнге де жетті. Ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа қол жеткізді. Бұл тәуелсіздік жолында қазақтың қаншама қаны төгілді, қаншама рет қазақ жері бөліске түсіп, тілі, мәдениеті өзгенің табанында жаншылып жатты. Тәуелсіздік, азаттық жолындағы күресте ата - бабаларымыздың істеген ерлігін айтып тауыса алмаспыз...

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған жылы, желтоқсанның бірі күні, бүкілхалықтық Президент сайлауы өтті. Барша халық қолдауымен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып сайланды. Елбасымыз бүкіл әлем қазақ елін мойындау үшін, ең алдымен, 1991 жылдың 10 желтоқсан күні еліміздің атын Қазақстан Республикасы деп өзгертті. Осылайша, Қазақстан тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамын басты. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының мойнына үлкен де ауыр жүк артылды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан тоқырау алдында тұрған үлкен дағдарысты бастан кешірді. Елі үшін ерекше жаратылған, қазақтың алған бетінен қайтпайтын қайсар қара нары, Елбасымыз, осы дағдарысқа жол бермей, өзінің асқан ақылдылығымен, көрегендігімен, парасаттылығымен төтеп бере алды.

Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстанның шет мемлекеттермен ынтымағы, бірлігі жарасқан ел болуы үшін 1991 жылы 21 желтоқсан күні әр түрлі ұлт өкілдері қатысуымен Алматыда өткен басқосуда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше болды. Сонымен қатар, 1992 жылы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды. Президентіміз елдің басына үлкен қайғы-қасірет әкелген, қара бұлт болып төнген, көптеген жылдар бойы құтыла алмай азап шектірген «Семей – Невада» полигонын жапқызып,

болашақ ұрпақтарының денсаулығын сақтап қалды. 1997 жылы астананы Алматы қаласынан Орталық Қазақстанда орналасқан Ақмола қаласына ауыстырып, ертедегі ата – бабаларының көксеген арманына қол жеткізді. Ақмола қаласының аты – Астана болып өзгертілді. Осылай, отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі болған Астана қаласының тұсаукесер тойы, 1998 жылы 10 маусымда, салтанатты түрде аталып өтті. Астана – Есіл өзенінің жағасын бойлай есіле, көсіле орналасқан, көлге қонған ақ шағалалардай көздің жауын алған әсем қала. Әлемнің түкпір - түкпірінен келіп жататын шетел азаматтарының және жалпы Қазақстандықтардың тамсана да таңдана, қызыға да қызғана қарайтын, ауыздарынан тастамайтын мәдени ошағы, халық тұрағы. Астана – зәулім аппақ ғимараттары жыл сайын бой көтерген, қатарға қосылған, «мен мұңдалап» алыстан көз тартатын үлкен Ел Ордаға айналды. Елбасымыздың қажымай, талмай еткен еңбегінің, асқан ақылдылығының арқасында, 1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен, Астанаға алтын медаль және «Әлем қаласы» деген жоғары атақ берілді. Таңқаларлығы: Астана қаласы бар-жоғы 13 жыл ішінде дүниежүзіне белгілі болып, талай елдердің көзін қызықтырып, күрт өзгеріп шыға келді. Елбасымыздың бастауымен Астанада ғажайып ғимараттар бой көтерді. Соның бірі – Астананың бойтұмарына айналған, 97 метрлік биіктігімен, еліміздің жаңа тарихынан бастау алатын «Бәйтерегіміз». «Аялы алақан» композициясында өз халқына бейбітшілік кепілі болуға, келісім мен достықты сақтауға, барлық қазақстандықтардың жарқын болашақ туралы армандарын жүзеге асыруға ант берген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың оң қолының таңбасы бедерленген. Елбасымыздың бастамасымен, әлемнің әр түкпірінен жиналған 17 түрлі дін өкілдері, Бәйтеректің биігінде тұрып, қазақ елі мен жеріне, бейбітшілік пен тыныштықты сақтай отырып, алға дамуына тілек білдіріп, баталарын берді. «Бәйтерек» өз қонақтарына, құс самғайтын биіктіктен, жаңа Астананың тың келбетін ұсынды. Елбасымыздың бастауымен 2005 жылы 22 наурызда, Ұлыстың ұлы күнінде, «Нұр – Астана» деп аталатын үлкен мешіттің ашылу салтанаты өтті. Бұл күні жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін, Күн мен Түннің теңесетін қасиетті күнінде Алла үйінің ашылу салтанатын көріп, жұма намазына жығылуға жиналған көпшілікте есеп болмады. Әлемнің әр қиырынан Астанада бас қосып, төрт тағаны Есілде, ұшар басы зеңгір көкте, кескін-келбеті бар әлемге айқара есігін ашып тұрған Бейбітшілік пен келісім Сарайы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, көршілес елдер басшыларының қатысуымен 2006 жылы 1 қыркүйекте ашылды. Елімізді көгалдандыру мақсатында «Жасыл ел» бағдарламасы жасалды.

Елбасымыздың осы жылдар ішінде елімізді осындай дәрежеге жеткізгенін Қазақстанда тұратын көптеген ұлт өкілдері мақтанышпен айтып жүр.

Қазақстан – татулығы, бірлігі, ынтымақтастығы жарасқан көп ұлтты ел. Нұрсұлтан Әбішұлының халыққа жолдауында айтылғандай, елімізді, жерімізді қорғап қалу жолында татулық, бірлік қандай қажет болса, бүгінгі таңда тәуелсіздігіміздің қол жеткізген табыстарын, жемістерін сақтап қалу үшін де татулық, бірлік ауадай қажет болып табылады. Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын, болашақ ұрпақтарының денсаулығын, білімді болуын ойлаған Елбасымыз «Жүз мектеп, жүз аурухана» бағдарламасын жасап, еліміздің кез келген аумағынан жаңа мектептер мен балабақшалар, жана ауруханалар ашқызып, күннен-күнге халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатын көздеуде. 2010 жылдың қаңтар айынан бастап, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық ете отырып, әр ұлт өкілдерінің ортасында Қазақстан халқының беделін арттыра түсуде.

Бүгінгі күні Қазақстан әлемдегі елдермен терезесі тең, төрт қабырғасы күллі әлемге шапағын шашқан шуақты да нұрлы, бейбіт елге айналуда. Осының бәрі – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының ақылдылығының, көрегендігінің, күндіз-түні тынбай еткен еңбегінің жемісі. Жас қаламыз Астанада Қазақстан халқының болашақ тағдырына, дамуына қатысты көптеген мәселелер қаралып, әр түрлі заңдар мен нұсқаулықтар қабылданып, бекітіліп жататын басқару орталығы болса, бұрынғы бас қаламыз Алматы – ірі ғылыми, мәдениет және демалыс орталығы. Міне, Қазақстанда осындай күннен-күнге көркейген қалаларымыздың санының көбеюі бәрімізді қуантады, көңілімізге мақтаныш сезімін ұялатады, болашаққа сеніммен нық қадам жасауымызға көмектеседі. Біздер, Қазақстанның одан әрі дамып, көркеюіне атсалысатын болашақ жастары, осындай Елбасымыз болғанына мақтанып, шүкіршілік етеміз, алдағы уақытта өз еліміздің дамуына, өркендеуіне үздік оқуымызбен, табысты еңбегімізбен аз да болса, әрқайсысымыз өзіміздің мүмкіндігімізше үлес қоссақ деген ниеттеміз.

Аяпберген Назерке,
Абай атындағы 12 жылдық орта мектебінің 5 сынып оқушысы

Президент – халық таңдаған қалаулы адам. Ол – жай ғана адам емес, бұқара халықтың қамын ойлайтын, жәрдемдесетін адам. Президент мейірімді, ақылды саясаткер және ел есінде қалатын тағы басқа жақсы қасиет-тері мол азамат болуға тиіс. Өмірде ондай адамдар өте сирек кездеседі. Қазақ елінің Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – сондай қасиеттерге ие халық қалаулысы.

Астана – мемлекеттің жүрегі.

Ол әр елде бар және басқа қалаларға қарағанда ерекше. Әрқашан халық астанасымен мақтанып, оны көкке көтеретіндей болғаны жөн. Ондай астана бізде де бар. Ол – көркіне көз тойдырмайтын Астана қаласы.

Н.Ә. Назарбаев қазақ еліне көп еңбек етті. Ол еңбектерін қазақ халқы ешқашан ұмытпақ емес. Қайта көкке көтерері сөзсіз. Өйткені, біздің еліміз – тыныш отырған бейбіт ел. Бізде бақытты өмір бар. Еуроодаққа төрелік етіп, оларға дұрыс бағыт беріп отырған кім? Біздің еліміз. Нұрсұлтан атамыз. Оның үстіне, бүкіл елді дүр сілкіндірген дағдарыс кезінде Америка, Жапония сияқты алпауыт елдердің экономикасы тоқтап қалған кезде, біздің елі-міз, керісінше, дамыған үстіне дамып отырды. Мұның өзі Елбасының мық-ты экономист екенін танытады. Әрбір жыл сайын, тіпті ай сайын, кешегі ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен қан кешкен тар замандарда қиындықты қайыспай көтерген ардагер аталарымызға көмек қолдар ұсынылып, пәтер кілттері тапсырылуда, түрлі қажеттіліктері өтелуде. Қарапайым халықтың жағдайы жақсара түсуде. Бұның өзі – тікелей Елбасымыздың арқасы. Сондықтан, Нұрсұлтан атамызды баршамыз аса құрмет тұтайық!

Астана - өте жас қала. Менен екі-ақ жас үлкен. Он үшке аяқ басты. Бірақ ол маған қарағанда, әлдеқайда жылдам. Осы он үш жыл ішінде Астана ғажап өзгерді. Көптеген құрылыстар салынды. Бірер ғана мысал алайын. Бұрын футбол ойнауға келген жұрт Алматыға барса, қазір Астана-ға – жаңа стадион "Астана – Аренаға" келеді. Астанамыздың символы ретінде биіктігі 97 метрге жететін "Бәйтерек" салынды. Оның төбесіне шығып қолыңды қойсаң, тілегің орындалады екен...

Астананы көгалдандыру жылдан-жылға артып келеді. Қазір көктем кезі болғандықтан, ағаш отырғызылуда. Ал 3-4 жылдан кейін ол ағаштар терек болады. Сол кезді көрсем ғой...

**Беріктегі Гүлжанар,
Абай атындағы қазақ орта мектебінің 9 сынып оқушысы**

Президент пен Астана – егіз ұғым

XV ғасырда Қазақ хандығы тарих сахнасына шықты. «Бөлінгенді бөрі жейді» дегендей, Кіші жүз орыс бодандығын қабылдап, Ұлы жүз бен Орта жүз Қоқан, Хиуа қолында болып, ақыры, саяси биліктен айрылды. Қара халық тына алмай, іштегі ащы запыранын тысқа шығаруда қаншама көтеріліс ұйымдастырды? Кенесары, Исатай, Махамбет, Амангелді секілді бабаларымыз

ашынып, тәуелсіздіктің ақ таңы жолында өмірлерін қиды. 300 жыл бойы патша үкіметінің құзырында болды.

1991 жылы КСРО ыдырағанда тәуелсіздігімізді алдық. Елдің Тұңғыш президенті боп Нұрсұлтан Әбішұлының сайлануы қазақ халқының мандайына жазылған бір бақыт еді...

Ата-әжеміз бүгінгі заманның көгі ашық, бейбіт болғанына қуанышты, ұрпақтарының келешегі кемелді екеніне бек сенімді. Өз кезеңдеріндегі қиын-қыстау күндері бізге көңілсіз, аянышты ертегідей көрінеді, олардың қинала айтқан әрбір бастан өткен оқиғалары құдды бір аңыздай, мифтей естіледі. «Сол қиын кезең қазіргі өскелең ұрпаққа көрінбегей. Әйткенмен, Нұрсұлтандай аталарыңның нұрлы жолы сендерді адастырмайды», - дейді қарияларымыз.

Елбасымыздың сындарлы саясаты арқасында «Қазақстан» атты ұлы есім әлемге мәшһүр болды.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі бүкіл қазақ халқын қуантты. Елбасымыздың есімімен түрлі білім ордалары, жоғарғы оқу орындары аталып жатыр. Мәселен, Елордамыздағы жаңа халықаралық университет ашылды. Бұнда 500 талапкерге 500 грант тағайындалған. Дағыстан Республикасында Нұрсұлтан Назарбаев атындағы мектеп есігі ашылуда.

Оңтүстік Кореяға барған сапарында университет ректоры Ки Су Ли Елбасымызға «Корея университетінің құрметті докторы» атағын берді. Вашингтонда 47 мемлекет басшыларымен өткен ядролық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі ғаламдық саммитте Елбасымыз бірінші болып сөз сөйледі.

«Жер бетінде ядролық сынақтарға және жаппай қырып-жоятын қуаты бар қару-жарақтар шығаруға біржола тыйым салынуы керектігін», - басып айтты. Сол шешілмеген түйінді шешіп, әлемді құтқарғаны үшін дипломатия сыйлығына ие болды.

Ресей сарапшысы Солобозов:

- Біздің ойымызша, Қазақстан лидері кезінде батыс демократиясының дамуына үлес қосқан Франция президенті Шарль де Голь сияқты посткеңестік кеңістікте маңызды рөл атқаруда. Қазақстан Президенті осы жиырма жыл аралығындағы ТМД елдері арасындағы ең танымал саясаткер ретінде аталады. Президент билігінің екі он жылдық аралығында Қазақстан мемлекетінің шешуші факторы әрі оның дамуының барлық тармағындағы сенімді тірегі. Нұрсұлтан Назарбаев интеллектуалды инновациялар мен дәстүрлі беделді өзіне жинақтай білген заманауи көшбасшы эталонына айналады, - дейді. Елбасымызға шетел сарапшыларының осындай пікір айтуы – Нұр атамыздың ерен еңбегінің арқасы. Елбасымыздың лидерлігін әлем мойындады.

Биыл, яғни 2010 жылы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтас-тық ұйымының саммиті Елордамызда өтетінін естідік. Салтанат құрған Астанамыз келісім мен бейбітшілікке шақырытын орталық іспетті. Кең байтақ жас мемлекетіміздің қалаларынан үздік деп танылған және танылатын

орталығымызға төрткүл дүние таңдана қарап отыр. Әлемнің тарих сахнасына шыққан Елбасымыз бен Елордамыз басты кейіпкерлер. Астанада заман ағымына сай сан алуан ғимараттар құрылысы жер-жерде жасалып жатыр. Кешендер бір - бірімен жарыса, көкпен таласуда.

Елорда символы - Бәйтеректің жолы бір бөлек... Шыңына шығып, төмен көз тікші... Тамаша.... Әдемі гүлдерден әжемнің тоқыған кестесіндей оюлар кескінделген... Су бұрқақтар кешке (күн батқанда) қызылды-жасылды түске енеді. Алып Бәйтеректің өзі де сан түрлі түстермен шамдарын жағады. Бейбітшілік пен келісім сарайы, «Думан» ойын – сауық кешені, «Хан Шатыры» ғимараты, Елбасымыздың «Ақорда» резиденциясы, «Нұр-Астана» мешіті, бәрі-бәрі бір-бірімен үндесіп жатқандай сыңай танытады. Егер тағы да барсам, «Алиса ғажайыптар елінде» атты ертегідегідей Алиса секілді таңғажайып күй кешіп, 3 жыл бұрын көрген арман қаламды танымай қайран қалармын, бәлкім...

Әсем Астанамыз Елбасымыздың таңдаулы, төл туындысы. Астана мен Президент – егіз ұғым. Тарих атты өмір кітабына мәңгі алтын әріппен жазылатын, құстың қос қанатындай ажырамас есімдер. Есілдің төріне «Астана» деп қазық қаққан тұңғыш төреміздің сындарлы саясаты мен қырағы ой – ұшқырлығының арқасында еліміз мыңдаған ғасыр жасайтынына бек сенімдімін.

Жеткіншек Гүлайхан,
Абай атындағы қазақ орта мектебінің 8 сынып оқушысы

Мақтанышым – Елбасы

Қазағымыз қиын да қызық кезеңдерді бастан кешірді. 1991 жылы тәуелсіздікке қолымыз жеткенге дейін, қаншама белестерден өттік, оны тілмен жеткізу мүмкін емес. Бірнеше жыл Ресей империясының қарамағында болып, өз дегенімізді орындай алмай, жоғары жаққа жалтақтаумен күніміз өтті. Тіпті, тіліміз бен дінімізді ұмыттық десек артық болмас. Өткен кезеңдерде де елі үшін жанын шүбе-рекке түйген, елге жау шапса атқа мініп, қолына қару алып ержүректік танытып өз елін жау қолында қалмауын ойлап, ел қорғаған батырларымыз болды. Бірақ кешегі Кеңес дәуірінде бізді өзге ұлт өкілдері кемсітіп, озбырлық жасағысы келді және жасады да. Озбырлық жасағаны сол емес пе, Д.А.Қонаев атамизды орнынан алып Мәскеуден Колбин дегенді алдыртып, Қонаевтың орнына сайлады. Қазақ халқының арлы, намысшыл ұл-қыздары бастаған Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова,

Сәбира және Ербол сияқты аға-апаларымыз қандары қайнап, алаңға бейбітшілікпен шеруге шықты. Оларды бәрібір қуғындап, ұрып-соғып, атып-шауып, түрмеге қамады. Мұның арты тәуелсіздікке ұласты. Бұрынғы Абылай ханның ақ туының астына жиналғандай, 1991 жылы Н.Ә.Назарбаевты Елбасы деп сайлағаннан соң біз де бірауыздан Елбасын қолдадық. Шүкір, қазір жетілдік. Сол бір тәуелсіздікті алған кезден бастап-ақ, еліміз оңала бастады. Ешімге жау-таңдамай, өз еркімізбен өмір сүруге бейімделдік. Тіліміз, дініміз өзімізге орала бастады. Яғни, «ақ түйенің қарны жарылып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалады». Міне, мұның бәрі-елбасымыздың арқасы.

... Құрыштың білінбейді кетілгені,

Елімнің осы емес пе жетілгені.

Алдыңғы қатарлы елге қосылуға,

Салысып жатырмыз біз бәсекені, - деп бәсекелес 50 елдің қатарына қосылғалы жатырмыз. Өз еліміз өзге елдерге қарағанда әлдеқайда тыныш, тату, досшыл, бейбіт. Ал, басқа кейбір елдерде қан төгіс соғыс жүріп жатыр. Мысалы: көршілес Қырғызстандағы жағдайды алайықшы. «Тфә, тфә»... Біздің ел тыныш. Еліміз - тыныш, аспанымыз - ашық, дұшпанымыз қашық, осындай елде тұратын біз - бақыттымыз. «Білгір басшың болса, адастырмайды» деген мақал бар ғой. Біздің елбасымыз да білгір, іскер, дана, шешен, кемеңгер басшы. Жылма-жыл халыққа жаңа жолдау жолдап, онда халықтың әл-аухатын жақсартуды, білімді ұрпақ тәрбие-леуді, салауатты өмір салтын насихаттауды айтып қана қоймай, орындалуына да көңіл бөліп, бар жақсылықты жасап жатыр. Біз-бақытты елдің ұрпағымыз. «Жұт-жеті ағайынды», «Апат айтып келмейді» дейді ғой, биыл біздің елде де су тасқыны болып, халық қиналды. Бірақ, Елбасымыздың бастауымен ол елдерге де көмек көрсетіліп, апат болған ауылдар қалпына келтіріліп, бүлдіршіндер үшін балабақшалар, оқушылар үшін мектептер ашылып, баспана-үйлер тұрғызылып, денсаулықтары тексеріліп, азық-түлік, киім-кешек, мал, заттай, ақшалай көмектер толассыз жөнелтілді, әлі де жөнелтілуде. Мұның өзі - Елбасымыздың көрегенділігін көрсетеді. Өз еліміз түгіл, қырғыз еліне де көмек ұйымдастыруды тапсырып жатыр. Біздің еліміздің тыныш, жайлы, бейбіт өміріне өзге елдер қызыға да, қызғана да қарайды. Қырғызстан президентінің аман қалуына да біздің елбасымыз көмектесті. Елбасымыз - мақтанышымыз! Ол-кемеңгер, дана, ақылды, парасатты, шешен, тапқыр, көреген, рақымшыл, адамгершілігі мол адам. Қай шет елге барса да оған сол елдің халқы, басшысы құрмет көрсетеді. Мұның өзі ол кісінің сыйлы, қадірлі екендігін, әлем мойындағанын айғақтайды. Біздер, Қазақстандық жас бүлдіршіндер, тап бір қиял-ғажайып ертегі

[Введите текст]

әлемінде өмір сүріп жатқандаймыз. Себебі: қай жерге барып демаламыз, оқимыз десек те мүмкіндігіміз жеткілікті. Біз - бақыттан жалындап, гүлдей жайнап тұрған жасөспірімдерміз. Сондықтан да мен елбасымызды өз атамдай жақсы көремін. Жалғыз мен емес, бүкіл Қазақстандық бүлдіршіндердің елбасымызды өз аталарындай сүйетініне нық сенімдімін. Елбасымызға айтар алғысымыздың, тілер тілегіміздің шеті мен шегі жоқ, ұшан-теңіз. Еліміз тыныш, республикадағы ұлттар мен ұлыстардың тату-тәтті өмір сүруі - бәрі-бәрі Елбасымыздың арқасы!

**Петрова Анастасия,
средняя школа №12, ученица 10 класса**

*Кто мог предвидеть, что такое чудо
Возникнет былью, сказкою в степи,
И несмотря на то, что будет трудно,
Возможность этот путь самим пройти.
Кто мог взвалить на плечи эту ношу
И повести народ свой за мечтой,
Зажечь огонь в степи пустынной ночью,
Чтоб озарить, как Дано, путь собой.
Я преклоняюсь, зная человека,
И в пояс поклонюсь его мечте,
Нам подарившим радость, счастье века,
Построить Дом наш общий на земле.*

Талгат Игембай.

Астана и Президент. Два разных слова. Но они неразделимы. Известно, что именно по инициативе Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева и рождена новая столица нашего государства Астана.

Готовясь к сочинению, я пересмотрела много источников информации о строящейся столице и узнала, что её рождение давалось с трудом. Президенту приходилось не раз встречаться с парламентариями, объясняя, что главный город Республики должен находиться в центре страны. Депутаты отгораживались контрдоводами: жизнь в стране и без того трудная. А тут такой грандиозный проект! Но Президент не отступал. И вот 6 июля 1994 года Парламент РК принял постановление «О переносе столицы

Республики Казахстан». Депутатам, правда, казалось, что «раньше, чем лет этак через пятьдесят до исполнения задуманное дело не дойдет».

Но произошло чудо. Уже через три года первые переселенцы торжественно прибыли в Акмолу. И вот главное событие: в ночь с 9 на 10 декабря жители города легли спать провинциалами, а проснулись поутру столичными жителями. Именно 10 декабря 1997 года Указом Главы государства город Акмола объявлен столицей Республики Казахстан. А 6 мая 1998 года Акмола получила красивое, поэтическое и броское название - Астана.

Началась новая история города...

Моей маме довелось побывать в этом городе в 1960 году. Вместе с родителями она ехала погостить к родственникам в Петропавловск. Самолет делал остановку в Акмолинске (так тогда называлась Астана). Подлетали к нему ночью, за бортом «Ан-24» лил дождь, сверкала молния. В темноте не обозначались ни привольные степи, ни голубые озера, ни поля и рощи, ни пересекающий степи Ишим, чем так славился этот край. И вот самолет коснулся земли, прокатился по небольшой посадочной полосе...Пассажиры, скользя по мокрой земле, приблизились к зданию аэропорта. И в унисон непогоде их встретило небольшое строение с томящимися в нем из-за откладывающихся рейсов пассажирами...

Невольно вспомнился день отлета из Гурьева, теплый, солнечный, красивое двухэтажное каменное здание аэропорта... И загордилась маленькая девочка своим родным городом.

А сейчас, спустя полвека, аэропорт Астаны - главные ворота столицы - аэропорт международного значения, красивейшее архитектурное сооружение с огромной посадочной площадью, принимающий могучие лайнеры со всех концов света.

В мае 2005 года на землю Астаны в этом аэропорту ступил и мой дядя, участник ВОВ, прибывший в столицу на празднование 60-летия Победы.

Затаив дыхание, слушала я после его возвращения рассказ о военном параде, о встрече с Нурсултаном Абишевичем, о беседе с ним, о прекрасном городе на Ишине, с волнением перелистывала страницы альбома, подаренного всем ветеранам. И чудилось мне, что я сама иду по красивому мирному городу, чувствую прикосновение прохладных капель, разлетающихся с фонтана на Центральной площади, вижу скользящих по зеркальной глади пруда лебедей, иду и горжусь за свою новую столицу и свою страну.

Астана! Великое деяние гениальной человеческой мысли и беспримерного труда. В прошлом военизированная крепость Акмола, побыв в советское время столицей некоего автономного образования - Целинного края, уверенно утверждает себя столицей всего Казахстана - стабильного и сплоченного государства, твердо и бесповоротно идущего по пути социально-экономического и общественно-политического переустройства общества.

Сегодня наша новая столица - это не только красивые архитектурные формы, пришедшие на смену целиноградским «хрущёвкам», сколько человеческий потенциал, граждане Казахстана, единые «в своем стремлении благоустроить свою родную землю и сотворить из неё оазис мира, согласия и благополучия».

Ещё лучше понять неразрывность нашей новой столицы и Президента помогла мне встреча с книгой Н. А. Назарбаева «В сердце Евразии». Перелистывая её страницы, явственно ощущаешь ауру личности Главного архитектора Астаны, слышишь приятный тембр его голоса, постигаешь потаенные уголки его души, и возникает чувство, что неспешно беседуешь с ним о жизни, о судьбе города и страны. В книге много фотографий, отражающих прекрасный облик современной столицы, её символ - Байтерек, на некоторых из них схвачены беседы Президента с архитекторами по обсуждению новых проектов...

Мне не пришлось ещё побывать в Астане, но я поняла, познакомившись с этой книгой, что нынешняя столица - административный центр Республики Казахстан - «город с развитой инфраструктурой, обеспечивающей комфорт жителям столицы и гостям».

А каких усилий это стоило Президенту! Чтобы построить такой город, требовались огромные средства. И они были найдены. Все казахстанцы помогли осуществить эту масштабную стройку, шли прямые иностранные инвестиции, многие страны, понимая грандиозность замысла Нурсултана Абишевича, уважая его, оказали прямую безвозмездную помощь, в первую очередь, такие страны, как Катар, Саудовская Аравия, ОАЭ, США, Кувейт. И вот состоялась долгожданная презентация новой столицы. 10 июня 1998 года независимый Казахстан явил всему миру новую, юную и прекрасную столицу - Астану.

Огонь обновления, зажженный на берегах Ишима, осветил все уголки нашей необъятной Родины. Не так давно и мой город Атырау «славился» своим бездорожьём, отсутствием ночного освещения, люди не знали, что такое скверы, парки...

Сегодня же мы, жители города Атырау, стоим в начале процесса превращения маленького захолустного городка в один из современных городов мира.

Цвети, моя земля, мой Атырау, моя Астана, мой Казахстан! Цвети и здравствуй! Мир твоему большому Дому! И будет так! Мы не повторим событий Бишкека, мы мирный народ, у нас мудрый руководитель, которому верит наш многонациональный народ, поддерживает его, помогает воплощать в реальность высокие мечты.